



Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасы ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 16 маусым N 3542 . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2000.01.21. N 327 Жарлығымен. ~U000327

Қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасы ережелері бекітілсін (қоса беріліп отыр).
2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1997 жылғы 16 маусымдағы
N 3542 Жарлығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің
қызмет этикасы
Ережелері

Мемлекеттік қызметте болу - қоғам мен мемлекет тарарапынан білдірілген ерекше сенімнің көрінісі, ол мемлекеттік қызметшінің жалпыға бірдей, соның ішінде осы Ережелерде белгіленген нормалар мен принциптерді сактауға тиіс екенін көздейді.

1. Мемлекеттік қызметші қызметтік міндеттерін атқарған кезде:
 - 1) Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін қатаң ұстануға;

- 2) мемлекет мұдделерін қорғауға және Қазақстан Республикасы Президентінің саясатын жақтауға;
 - 3) Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық татулықты нығайтуға;
 - 4) ұлттық, тектік-топтық және рулық артықшылық пен алауыздыққа, сондай-ақ азаматтарды тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мұліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне қарай немесе кез-келген өзге жағдаяттар бойынша кемсіту көріністеріне жол бермеуге;
 - 5) жалпыға бірдей моральдық-этикалық нормаларды сақтауға, Қазақстан халқының әр алуан салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға;
 - 6) әділ, объективті және турашыл болуға, сыйайлар жемқорлық көріністеріне қарсы тұруға;
 - 7) қойылған міндеттерді шешудің негұрлым тиімді әрі үнемді тәсілдерін қолдануға;
 - 8) қарамағындағы мемлекеттік меншікке ұқыпты қарауға, оны ұтымды және тиімді пайдалануға;
 - 9) қарапайымдық танытуға, қызметтен тыс қарым-қатынастарда өзінің лауазымдық жағдайын баса көрсетпеуге;
 - 10) басқа адамдардың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге тиіс.
2. Мемлекеттік қызметші:
- 1) өзіне Республикаға дақ түсіруі, оның беделіне нұқсан келтіруі мүмкін қандай болмасын міндеттемелер алуға және іс-әрекет жасауға;
 - 2) қызметтік ақпаратты пайдалынэмдік және өзге де жеке мұдделеріне пайдалануға;
 - 3) мемлекеттік қызмет мұдделеріне нұқсан келтіретін мәселелерді шешуге қатысуға;
 - 4) қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты жеке және занды тұлғалардан сый қабылдауға;
 - 5) қарауындағы қызметкерлерге көрінеу орындалмайтын нұсқаулар беруге және олардан лауазымдық міндеттерінің шенберінен шығатын тапсырмаларды атқаруын талап етуге;
 - 6) қарауындағы қызметкерлерді құқыққа қайшы іс-қылышқа немесе жалпыға бірдей моральдық-этикалық нормалармен үйлеспейтін іс-қылышқа жасауға мәжбүрлеуге;
 - 7) азаматтар мен ұйымдардың өтініштерін қарау кезінде төрешілдік пен сөзбүйдаға салу көріністеріне жол беруге тиіс емес.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК